



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

1 қазаң 2019 ж.

Мақат кәсіп

№ 279

поселок Мақат

Қамқоршылық кеңесін қайта құру туралы

Мақат аудандық білім беру бөлімінің 2018 жылғы 10 қазандағы №09-04-01/1018 санды хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығын орындау мақсатында М.Баймұханов орта мектебінде төмендегідей құрамда (келісім бойынша) қамқоршылық кеңесіне өзгерістер енгізу:

- 1) Есмұханов Нұрхан (жеке кәсіпкер) – комиссия төрағасы (келісіммен);
 - 2) Саликова Гүлзада-Мақат аудандық мәслихат депутаты, төраға орынбасары (келісіммен);
 - 3) Халелов Сәбит - аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, мүше (келісіммен);
 - 4) Таумуринова Алмагүл «Мақат тынысы» газетінің тілшісі- мүше (келісіммен);
 - 5) Отарбаева Айнагүл – мүше (келісіммен);
- Бектурлиева Орын - хатшы.

2. Қамқоршылық кеңесінің іс-шаралар жоспары жасақталып, бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес жылына 4 рет өткізілсін.

4. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына (А.Мухамбетжанова) міндеттелсін.

Мектеп директорының у.м.а

А.Таумуринова

«Бекітемін»
Мақат аудандық
білім беру бөлімінің басшысы.
А. Абдолов
«01» қазан 2019 ж

«Келісемін»
М. Баймұханов атындағы
орта мектептің директоры
у.м.а А. Таумуринова
«01» қазан 2019 ж

**М. Баймұханов атындағы орта мектепте құрылатын
«Қамқоршылық кеңесі» мүшелерінің жазбаша келісімі**

2019 жыл 01 қазан

Біз, төмендегі қол қоюшылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығын орындау мақсатында М. Баймұханов орта мектебінде қайта құрылған қамқоршылық кеңесінің мүшесі болуға келісім береміз:

1. Есмұханов Нұрхан - комиссия төрағасы Есмұханов
2. Төлеуов Айберген - төраға орынбасары Төлеуов
3. Сарсенбай Алтай – мүше А. Сарсенбай
4. Қамысбаев Талғат – мүше Қамысбаев
5. Саликова Гүлзада-Мақат аудандық мәслихат депутаты, мүше Саликова
6. Халелов Сәбит - аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, мүше Халелов
7. Даулетов Мақсот - мүше Даулетов
8. Таумуринова Алмагүл «Мақат тынысы» газетінің тілшісі, мүше Таумуринова
9. Отарбаева Айнагүл – мүше Отарбаева
10. Бектурлиева Орын – хатшы Бектурлиева

Мұса Баймұханов атындағы орта мектебінің «Қамқоршылық кеңес»
отырысының №1 хаттамасы

Атырау облысы
Мақат кенті

3.09.2021

Қатысушылар:

1. Мектеп директоры- А.М.Таумуринова
2. Әлеуметтік педагог-А.М.Утарбаева
3. Қамқоршылық кеңес төрайымы- Н.Есмұханов
4. Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде

1. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы
2. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету
3. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды ыстық тамақ пен қамту барысы
4. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Тыңдалды

Күн тәртібінің мәселесін мектеп директоры А.М.Таумуринова таныстырды және мәселе бойынша сөз бастады. 2021-2022 «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалудың алдын алу, 6-17 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларымен көп балалы отбасыларға қолдау көрсету мақсатында білім беру мекемелерінде 2021 жылдың 1 тамыз бастап жыл бойы өткізіледі. Мұқтаж балаларға көмеке мұқтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін мектеп формасы және оқу құралдары қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Сол себепті әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларға көмек қолымызды созып демеуші болайқ деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша - мектептің әлеуметтік педагогі А.М.Утарбаева хабарлама берді. Үкіметтің 2008 жылғы 25 қаңтар №64 қаулысы бойынша бекітілген әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесі бар екендігі туралы мәлімет берді. Ереже «ҚР 2007 жылдың 27 шілдедегі Білім туралы Заңының 4 бабы 21 тармақшасына» сәйкес қаражатты жұмсау тәртібі

айқындалғанын айта келе, төмендегідей болатынын атап өтті. Қазіргі таңда құжаттар қағаз жүзінде және де электронды түрде қабылданып отырғаны.

1. Мемлекеттік атаулы көмек алуға құқы бар отбасылардан шыққан білім алушыға;

2. Мемлекеттік көмек алмайтын, адам басына шаққанда табысы жетпейтін отбасынан шыққан білім алушыға.

Өтініште мына құжаттар қоса тіркеледі:

1. Ата-ананың және оқушының туу туралы куәлік көшірмесі;

2. Өтініш берушінің тапқан табысы туралы анықтама;

3. Қайтыс болғандығы, ажырасқандығы туралы, көп балалы екендігін растайтын құжат;

4. Салық жөнінде анықтама;

5. Атаулы көмек алатындығы туралы анықтама;

Осы мәлімет аясында биылғы оқу жылында мектеп бойынша 71 оқушының құжаттары қабылданып, оның 4-уі жартылай жетім, 27-ы аз қамтылған болса, 40-ы көп балалы отбасы балаларына тиесілі екендігі жөнінде нақты ақпарат беріп өтті. 1 қыркүйектен бастап асхана іске қосылып, өз жұмысын бастады. Асханадан 416 оқушы ыстық тамақпен қамтылып отыр. Кестесі шығып, ыстық тамақ ас мәзірі бойынша беріліп отыр. Асхана талапқа сай. «Мектепке жол» акциясында 31 оқушы қамтылды. Аудан бойынша мекемелер 31 оқушыға мектепке қажетті оқу-құралдарымен, мектеп формасы, спорттық киімдермен қамтамасыз етті.

Сөйлеушілер

Н. Есмуханов - қамқоршылық кеңесінің төрайымы кеңестің жұмыс жоспарымен таныстырып, талқылауға ұсынды. Биылға жоспарда мектептің жалпы материалдық-техникалық базасын қадағалау, мектепте өткізіліп жатқан шараларға белсене қатысу керектігін жеткізді. Сонымен қатар жоспардан тыс шаралар, отырыстар болуы мүмкін екендігін ескертті. Жоспарды талқылап, бекіту қажеттігін жеткізді.

Қаулы:

1. Кеңес жұмысының жоспары ұсыныстар мен қосымшаларды енгізе отырып, бекітілсін.

2. Ыстық тамаққа тапсырған оқушылардың құжаттары қағаз жүзінде және де электронды түрде қабылдансын.

4. Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген киімдер АӘК, күн көріс деңгейі төмен отбасы балаларына берілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Н. Есмуханов

А. Утарбаева